

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Керделі ауылдық округі Н.Бекежанов ауылындағы атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Керделі ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 08 қыркүйектегі № 04-9/289 шешімі.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 26 тамыздағы №2 қорытындысына сәйкес Керделі ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Керделі ауылдық округі Н.Бекежанов ауылының келесі көшесіне:

- атауы жоқ көшеге "Нақып Тыныбеков" атауы берілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы Шиелі ауданы Керделі ауылдық округі әкімінің 30.09.2025 жылғы № 04-9/292 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Керделі ауылдық округінің әкімі

Г. Ыханов